

ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ШЕШІМ

2014 жылғы 10 қазандағы № 78 шешімімен бекітілген

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Өзгертуші құжаттар тізімі
(Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің [шешімінің](#) редакциясында
25.12.2023 № 17)

2014 жылғы 29 мамырда қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың [12-бабы 2-тармағының 6-тармақшасына](#) және [20-бабының 2-тармағына](#) сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мемлекет басшылары деңгейінде шешім қабылдады:

1. Қоса берілген Еуразиялық экономикалық одақтың бюджеті туралы [ереже](#) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың 2015 жылға арналған бюджетін жасау және орындау кезінде Ресей Федерациясының бюджеттік сыныптамасының мемлекеттік басқару секторының операцияларын жіктеу кодтары қолданылатыны белгіленсін.

3. Осы Шешім 2014 жылғы 29 мамырдағы [Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт](#) күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Беларусь Республикасынан

Қазақстан Республикасынан

Ресей Федерациясынан

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы төрағасының
Еуразиялық экономикалық
кеңестің
2014 жылғы 10 қазандағы № 78 шешімімен бекітілген

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Өзгертуші құжаттар тізімі
(Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің [шешімінің](#) редакциясында
25.12.2023 № 17)

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі — Одақ) бюджетін жасау және орындау, сондай-ақ Одақ бюджетінің орындалуы туралы есепті дайындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін төменде көрсетілген ұғымдар пайдаланылады:

"Одақ бюджетінің әкімшісі" – Одақ бюджетінің жобасын жасауды, Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын дайындауды және жиынтық бюджеттік жазбаны жүргізуді жүзеге асыратын Одақ органы;

"Одақ бюджеті" – Одақтың жұмыс істеуін қаржылық қамтамасыз етуге арналған ақшалай қаражатты қалыптастыру және жұмсау нысаны;

"бюджеттік есептілік" – қаражатты басқарушылар (алушылар) қалыптастыратын кірістер мен шығыстар бойынша Одақ бюджетінің орындалуы туралы деректер;

"бюджеттік жазба" – шығыстар бойынша Одақ бюджетін орындау мақсатында жиынтық бюджеттік жазба негізінде қаражатты басқарушы (алушы) жасайтын құжат;

"Одақ органының бюджеттік сметасы" – шығыстардың ведомстволық құрылымының құрамында бекітілген, Одақ органының шығыстарының көлемін айқындайтын қаражат;

"бюджеттік есеп" – кірістер мен шығыстар бойынша Одақ бюджетінің орындалуы туралы құжатталған жүйеленген ақпаратты әзірлеу және оның негізінде бюджеттік есептілікті жасау;

"шығыстардың ведомстволық құрылымы" – Одақ бюджетінің шығыстарын қаражатты басқарушылар (алушылар) бойынша және Одақтың бюджеттік жіктеу кодтары бойынша бөлу;

"Одақ бюджетінің кірістері" – Одақ бюджетіне түсетін ақшалай қаражат;

"өзге де түсімдер" – банктің шоттарында уақытша бос қаражатты орналастыру нәтижесінде пайда болған қаражат, банктік шот шарты бойынша пайыздар, активтерді сатудан, орындалмаған шарттық міндеттемелер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларынан, сот талаптары бойынша өтемақы сомаларынан және сақтандыру өтемақыларының сомаларынан түсетін және өзге де түсімдер;

"Одақ органдары" – қызметі Одақ бюджетінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдары;

"жауапты департамент" – Одақ бюджетінің жобасын қалыптастыру, Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын дайындау және жиынтық бюджеттік жазбаны жүргізу жөніндегі функциялар жүктелген Одақ бюджеті әкімшісінің құрылымдық бөлімшесі;

"Одақ бюджетінің орындалуы туралы есеп" – есеп берілетін қаржы жылындағы кірістер мен шығыстар бойынша Одақ бюджетінің орындалуы туралы құжат;

"есеп берілетін қаржы жылы" – ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл;

"кезекті қаржы жылы" – ағымдағы қаржы жылынан кейінгі жыл;

"қаражатты басқарушы (алушы)" – Одақ бюджетінің жобасын жасауға, Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын дайындауға қатысатын және бюджеттік жазбаға сәйкес Одақ бюджетінің қаражатын жұмсауды жүзеге асыратын Одақ органы;

"Одақ бюджетінің шығыстары" – Одақ бюджетінен төленетін ақшалай қаражат;

"жиынтық бюджеттік жазба" – қаражатты басқарушылар (алушылар) бөлінісінде Одақ бюджетінің әкімшісі жасайтын Одақ бюджетінің кірістері мен шығыстарын бөлу туралы құжат;

"Одақ бюджетінің шоттары" – Одақ бюджетінің кірістерінің түсуі және кейіннен Одақ органдарының шоттарына ақша қаражатын аудару үшін Одақ бюджетінің әкімшісі ашқан шоттар;

"Одақ органдарының шоттары" – Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында

бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы және өзге де түсімдерді есепке алу кезінде қаржылық жәрдем көрсетуге арналған шығыстарды қоса алғанда, Одақ бюджетінің шығыстары бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін қаражатты басқарушы (алушы) ашқан шоттар;
(Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 [шешімінің](#) редакциясында)

"ағымдағы қаржы жылы" – Одақ бюджетінің орындалуы және Одақтың кезекті қаржы жылына арналған бюджеті жасалатын жыл;

"уәкілетті органдар" – Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық бюджеттерін жасау және орындау жөніндегі функциялары жүктелген атқарушы билік органдары.

3. Одақтың бюджеті кірістер мен шығыстар бойынша теңдей болуы керек.

4. Одақтың бюджеті күнтізбелік жылға сәйкес келетін және 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін созылатын бір қаржы жылына бекітіледі.

5. Одақ бюджетін есептеу валютасы – Ресей Федерациясының валютасы – ресей рублі.

6. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Одақ бюджетінің әкімшісі болып табылады.

II. Одақ бюджетінің құрылымы

7. Одақтың бюджеті кіріс және шығыс бөліктерінен тұрады.

8. Одақ бюджетінің кірістері мөлшерін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (бұдан әрі – Жоғары Кеңес) белгілейтін Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) үлестік жарналары есебінен жасалады.

9. Одақ бюджетінің шығыстары төменде көрсетілгендерге бағытталады:

Одақ органдарының қызметін қаржыландыру;

Жоғары кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (бұдан әрі – Үкіметаралық кеңес), Комиссия Кеңесінің отырыстарын өткізу;

мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық көмек көрсету.
(абзац Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 [шешімімен](#) енгізілген)

10. Одақ бюджеті мәтіндік баптарды, Одақ бюджеті кірістерінің құрылымын және Одақ бюджеті шығыстарының ведомстволық құрылымын қамтиды.

III. Одақтың бюджеттік сыныптамасы

11. Одақтың бюджеттік сыныптамасы объектілерге Одақ бюджеті көрсеткіштерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ететін топтастыру кодтарын жіктеу объектілеріне бере отырып, Одақ бюджетінің кірістері мен шығыстарын жүйелендірілген топтастыру болып табылады.

12. Одақтың бюджеттік сыныптамасы Одақ бюджетін, Одақ органдарының бюджеттік сметаларын жасау және орындау үшін, сондай-ақ Одақ бюджетінің орындалуы туралы есепті дайындау және бюджеттік есептілікті жасау үшін пайдаланылады.

13. Одақтың бюджеттік сыныптамасы Одақ бюджеті кірістерінің сыныптамасын және Одақ бюджеті шығыстарының сыныптамасын қамтиды.

14. Одақ бюджеті кірістерінің бюджеттік сыныптамасы және Одақ бюджеті шығыстарының бюджеттік сыныптамасы кодтарының атауларын қоса алғанда, [Одақтың бюджеттік сыныптамасының құрамы мен құрылымын](#) Комиссия Кеңесі бекітеді.

15. Одақтың бюджеттік сыныптамасын қолдану тәртібі туралы нұсқауларды Комиссия Алқасының төрағасы бекітеді.

IV. Одақ бюджетін қалыптастыру тәртібі

16. Одақ бюджеті төмендегі принциптерге негізделген:

кірістер мен шығыстардың толық көрсетілуіне және тепе-теңдігіне;

нақтылығына және ашықтығына;

бағытталуына және мақсатты сипатына;

бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына.

17. Кезекті қаржы жылына арналған Одақ бюджетін қалыптастыруды Одақ органдарының бюджеттік сметаларының жобалары негізінде жауапты департамент жүзеге асырады, оларды ұсыну тәртібін Комиссия Алқасының Төрағасы бекітеді.

18. Одақ бюджетінің жобасын дайындау мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне, Одақ құқығына және Одақ органдарының актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Одақ органдарының бюджеттік сметаларының жобаларын дайындау Одақ органдарының шекті штат санын, еңбекақы төлеу тәртібін, медициналық қызмет көрсету тәртібін, мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық көмек көрсету тәртібін айқындайтын Одақ актілерінің, сонымен қатар материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру, ыссапарларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, Жоғары Кеңестің, Үкіметаралық кеңестің және Комиссия Кеңесінің отырыстарын өткізуге, Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің қызметі мен дамуына арналған шығыстарды қаржыландыру мәселелерін реттейтін Одақ органдарының актілері негізінде жүзеге асырылады. (Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 [шешімінің](#) редакциясында)

19. Комиссия Алқасының мүшелерімен келісілгеннен кейін Одақ бюджетінің жобасын түсіндірме жазбамен, негіздемелік құжаттамамен және шығыстар баптары бойынша есеп айырысумен жауапты департамент ағымдағы қаржы жылының 1 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті органдарға қарау үшін жібереді.

20. Уәкілетті органдар жауапты департаментке Одақ органдарымен бірлесіп одан әрі пысықтау үшін Одақ бюджетінің жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жібереді.

21. Осы Ереженің [20-тармағына](#) сәйкес жауапты департамент пысықтаған Одақ бюджетінің жобасын Комиссия Алқасының төрағасы мүше мемлекеттердің үкіметтеріне қарауға жібереді.

22. Мүше мемлекеттердің үкіметтері қарағаннан кейін Одақ бюджетінің пысықталған жобасы Комиссия Алқасының отырысына енгізіледі.

Комиссия Алқасының отырысында қаралғаннан кейін Одақ бюджетінің жобасы Комиссия Кеңесінің және Үкіметаралық кеңестің мақұлдауына ұсынылады.

23. Үкіметаралық кеңес мақұлдағаннан кейін Одақ бюджетінің жобасы Жоғары Кеңестің бекітуіне ұсынылады.

V. Одақ бюджетінің орындалу тәртібі

24. Одақ бюджетін бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бір ай ішінде Комиссия Алқасының төрағасы жиынтық бюджеттік жазбаны бекітеді.

Жиынтық бюджеттік жазба негізінде қаражатты басқарушылар (алушылар) бюджеттік жазбаны жасайды және бекітеді.

Одақ бюджеті әкімшісінің жиынтық бюджеттік жазбаны және қаражатты басқарушылардың (алушылардың) бюджеттік жазбаны жасау және жүргізу тәртібін Комиссия Алқасының төрағасы бекітеді.

25. Мүше мемлекеттердің Одақ бюджетінің шоттарына жарналарды аударуы, әдетте, ай сайын, бірақ тоқсанына кемінде 1 рет, Ресей Федерациясының валютасында (ресей рублімен) немесе еркін айырбасталатын валютада (АҚШ долларымен) жүзеге асырылады.

26. АҚШ долларымен аударылған қаражатты есепке алу Одақ бюджетінің шоттарына қаражат түскен күнгі Ресей Федерациясының Орталық банкі белгілеген ресей рублінің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағам бойынша ресей рублімен жүргізіледі.

27. Комиссия Алқасының төрағасы мүше мемлекеттердің үкіметтеріне жарналарды аударудың толықтығы туралы тоқсан сайын хабарлап отырады.

28. Мүше мемлекеттер ағымдағы қаржы жылында белгіленген жарналар көлемінен тыс аударған қаражат осы мемлекеттермен келісім бойынша олардың үлестік жарналарының есебіне Одақтың кезекті қаржы жылына арналған бюджетіне есептеледі.

29. Мүше мемлекеттер ағымдағы қаржы жылында аудармаған жарналар келесі қаржы жылы ішінде міндетті түрде өтелуге жатады және мүше мемлекеттің тиісті қаржы жылындағы берешегі болып есептеледі.

30. Мүше мемлекеттердің жарналарды төлеу жөніндегі берешегін өтеу тәртібін Жоғары Кеңес айқындайды.

31. Одақ бюджетінің шоттарынан Одақ органдарының шоттарына ақша қаражатын аударуды Одақ бюджетінің әкімшісі жиынтық бюджеттік жазбаға сәйкес Одақ бюджетінің шоттарына қаражат түскен күннен бастап 5 банктік күн ішінде жүзеге асырады.

Мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық көмек көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыруды Комиссия Ресей Федерациясының валютасы ресей рублінде Одақ бюджетінің шығыстары бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Комиссияның шоттарынан жүзеге асырады.
(абзац Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 шешімімен енгізілген)

32. Одақ бюджетінің орындалуы барысында Одақ бюджетінің әкімшісі Одақ бюджетінің шығыстарын Одақ органының бюджеттік сметасы шығыстарының баптары арасында қайта бөлу бөлігінде жиынтық бюджеттік жазбаға өзгерістер енгізе алады. Бұл мүше мемлекеттердің осы баптар бойынша бекітілген шығыстардың жалпы көлемінің 10 пайызы шегінде өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде жалақыға және қаржылық жәрдем көрсетуге арналған шығыстарына қолданылмайды.
(Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 шешімінің редакциясында)

Одақ бюджетінің шығыстарын Одақ органының бюджеттік сметасы шығыстарының баптары арасында осы баптар бойынша көзделген шығыстардың жалпы көлемінің 10 пайызынан артық қаражатты басқарушылар (алушылар) арасында, сондай-ақ жалақыға арналған шығыстар бабын қолдана отырып қайта бөлу Жоғары Кеңестің Одақ бюджетіне өзгерістер енгізу туралы шешімі

негізінде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық жәрдем көрсетуге көзделген Одақ бюджетінің қаражаты көрсетілген мақсаттарға ғана пайдаланылады және Одақ бюджетінде көзделген шығыстардың басқа баптарын қаржыландыруға қайта бөлуге болмайды.

(абзац Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 [шешімімен](#) енгізілген)

33. Одақ органдарының басшылары еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен үнемделген қаражатты Комиссия Алқасы мүшелерін, Одақ Соты судьяларын, лауазымды тұлғаларды және тиісті Одақ органының қызметкерлерін материалдық ынталандыруға бағыттау туралы шешім қабылдауға құқылы.

34. Егер Одақтың кезекті қаржы жылына арналған бюджеті ағымдағы қаржы жылының соңына дейін бекітілмесе, онда Одақ органдарының қызметін қаржыландыру бюджет бекітілгенге дейін мүше мемлекеттер тарапынан ай сайын жүзеге асырылады, бұл ретте қаржыландыру көлемі есепті қаржы жылындағы нақты қаржыландырудың он екіден бір бөлігінен аспауға тиіс.

35. Кезекті қаржы жылының 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша кредиторлық берешекті өтеуге, негізгі құралдарды сатып алуға және ағымдағы қаржы жылында Жоғары кеңес, Үкіметаралық кеңес және Комиссия Кеңесінің отырыстарын өткізуге көзделген Одақ органдарының шоттарында пайда болған бюджет қаражатының қалдықтары мақсатты сипатын сақтайды және Одақ органдары кезекті қаржы жылының бірінші жартыжылдығында Одақ органдарының кезекті қаржы жылына арналған бюджеттік сметаларында көзделген шығыстардан тыс қосымша қаржыландыру ретінде пайдаланады және кейіннен бюджет есебінде көрсетіледі.

Кезекті қаржы жылының 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық көмек көрсетуге көзделген Одақ органдарының шоттарында пайда болған бюджет қаражатының қалдықтары мақсатты сипатын сақтайды және кезекті қаржы жылында Комиссияның кезекті қаржы жылына арналған бюджетінде көзделген шығыстардан тыс қосымша қаржыландыру ретінде пайдаланылады, кейіннен аталған операциялар бюджет есебінде көрсетіледі.

(абзац Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 25.12.2023 № 17 [шешімімен](#) енгізілген)

36. Осы Ереженің [35-тармағында](#) көрсетілген бюджет қаражатының қалдықтарын, сондай-ақ дебиторлық берешектің болуын ескере отырып, өзге де түсімдерді қоспағанда, кезекті қаржы жылының 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Одақ органдарының шоттарында пайда болған бюджет қаражатының қалдықтары мүше мемлекеттердің ағымдағы қаржы жылында нақты аударған қаражат көлеміне пропорционалды түрде Одақ бюджетіне үлестік жарналарды төлеу есебіне жатқызылады.

37. Егер ағымдағы қаржы жылында Одақ органын тарату туралы шешім қабылданып, оның құқықтық мұрагері болмаса, тарату рәсімдері бойынша есеп айырысулар жүргізілгеннен кейін Одақ органының шоттарында қалған қаражат есепті қаржы жылында осы органды қаржыландыру үшін мүше мемлекеттер жасаған нақты аударымдар көлеміне пропорционалды түрде мүше мемлекеттерге қайтарылады.

VI. Одақ бюджетінің орындалуы туралы есепті дайындау тәртібі

38. Одақ бюджетінің барлық кірістері мен шығыстары, сондай-ақ Одақ бюджетін орындау процесінде жүзеге асырылатын операциялар бюджеттік есепке алынуға жатады, оның жалпы қағидаттарын Комиссия Алқасының төрағасы бекітеді.

39. Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын Комиссия Алқасының Төрағасы бекітетін тәртіппен ұсынылатын қаражатты басқарушылардың (алушылардың) бюджет есебінің

негізінде жауапты департамент дайындайды.

Бюджеттік есептілік бюджеттік есепке алу деректері негізінде жасалады.

40. Жауапты департамент есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 мамырына дейін уәкілетті органдарға қарау үшін Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын ұсынады.

Одақ бюджетінің орындалуы туралы есепке, оның ішінде, Одақ бюджетінің мәтіндік баптарының орындалуына талдау, кірістер мен шығыстар бойынша Одақ бюджетінің орындалуы, сондай-ақ есепті кезеңдегі Одақ органдарының нақты саны туралы мәліметтерді қамтитын түсіндірме жазба енгізіледі.

41. Уәкілетті органдар жауапты Департаментке Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жібереді.

42. Жауапты департамент уәкілетті органдардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Одақ органдарымен бірлесіп Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасын пысықтайды және оны Комиссия Алқасының отырысында қарау үшін Комиссия Алқасының төрағасына ұсынады.

43. Комиссия Алқасының отырысында қаралғаннан кейін Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасы кейіннен мақұлдау үшін Үкіметаралық кеңеске ұсыну үшін Комиссия Кеңесінің қарауына шығарылады.

44. Үкіметаралық кеңес мақұлдағаннан кейін Одақ бюджетінің орындалуы туралы есептің жобасы Жоғары Кеңестің бекітуіне шығарылады.

VII. Қаржылық бақылау

45. Осы Ереженің мақсаттары үшін қаржылық бақылаудың мынадай нысандары көзделеді:

алдын ала қаржылық бақылау Одақ органдары шығыстарының тиімділігін айқындау және Одақ бюджетінің шығыстарын оңтайландыру мақсатында бюджет қаражатын алушылардың бюджеттік сметаларының жобаларын қарау кезінде Одақ бюджетінің жобасын жасау кезеңінде жүзеге асырылады;

ағымдағы қаржылық бақылау Одақ органдарына бюджет қаражатын бөлу кезінде Одақ бюджетінің орындалуы барысында, сондай-ақ Одақ органдарының бюджет қаражатын тиімсіз және мақсатсыз жұмсауының алдын алу мақсатында кірістердің түсу процесінде жүзеге асырылады;

кейінгі қаржылық бақылау алушылардың бөлінген бюджет қаражатын нақты пайдаланғаннан кейін Одақ бюджетінің орындалуы туралы есепті қарау және бекіту барысында жүргізіледі.

46. Одақ органдарындағы қаржылық бақылау сыртқы аудит (бақылау) және Одақ бюджетінің орындалуын бақылау (сыртқы және ішкі) болып бөлінеді.

47. Сыртқы аудит (бақылау) Одақ бюджетінің қаражатын жасау, басқару және оған билік ету тиімділігін, Одақтың мүлкі мен басқа да активтерін пайдалану тиімділігін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Сыртқы аудитті (бақылауды) мүше мемлекеттердің жоғары тұрған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өкілдерінен құралған инспекторлар тобы жүзеге асырады.

Одақ органдарында сыртқы аудит (бақылау) туралы ережені Жоғары Кеңес бекітеді. Сыртқы аудиттің (бақылаудың) стандарттары мен әдіснамасын мүше мемлекеттердің мемлекеттік қаржылық бақылауының жоғары органдары айқындайды.

Одақ органдарында жүргізілген сыртқы аудиттің (бақылаудың) нәтижелері Жоғары кеңестің отырысында қарау үшін белгіленген тәртіппен шығарылады.

48. Одақ бюджетінің орындалуына сыртқы бақылауды жүзеге асыру үшін 2 жылда кемінде 1 рет Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия (бұдан әрі – ревизия) жүргізіледі.

Мүше мемлекеттердің кез келгенінің бастамасы бойынша Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметінің жекелеген мәселелері бойынша тексерулер (бұдан әрі – тексеру) жүргізілуі мүмкін.

Ревизиялар мен тексерулер мүше мемлекеттердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өкілдерінен құралған ревизорлар тобы жүргізетін болады.

Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы ережені, Одақ органдарының қаржы-шаруашылық қызметін тексерудің стандарттары мен әдістемесін Үкіметаралық кеңес бекітеді. Ревизиялар мен тексерулер жүргізу туралы шешімді оларды жүргізу мерзімдерін айқындай отырып, Үкіметаралық кеңес қабылдайды.

Жүргізілген ревизиялар мен тексерулердің нәтижелері кейіннен белгіленген тәртіппен Үкіметаралық кеңестің отырысында қарау үшін енгізіле отырып, мүше мемлекеттердің үкіметтеріне жіберіледі.

49. Одақ бюджетінің орындалуына ішкі бақылауды Одақ органдары жүзеге асырады. оның жалпы қағидаттарын Комиссия Алқасының төрағасы бекітеді.

50. Одақ органдарының сыртқы аудит (бақылау) жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарды жою тәртібін Жоғары Кеңес айқындайды.

Одақ органдарының ревизиялар мен тексерулер жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарды жою тәртібін Үкіметаралық кеңес айқындайды.
